«ҚазТрансОйл» АҚ
Жалғыз акционерінің шешімімен
(«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің 2012 жылғы
19 қазандағы отырысының
№ 8/2012 хаттамасы) бекітілген

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ
(2022.10.19. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Астана қ., 2012 жыл

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) 1-тармақ өзгертілді; «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 1-тармақ жаңа редакцияда

1. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) Қазақстан Республикасының заңнамасы (бұдан әрі - Заңнама) бойынша заңды тұлға болып табылады әрі өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), табиғи монополиялар туралы, магистральдық құбыр туралы Заңнамаға және басқа да Заңнамаға, сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі - Жарғы) және корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 1-1-тармақпен толықтырылды

1-1. «Магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы № 1273 қаулысымен Қоғам магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор болып айқындалды. Қоғамның магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеттері мен функциялары көрсетілген қаулымен бекітілген Магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор туралы ережеде айқындалған.

2. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы - «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы, қысқаша - «ҚазТрансОйл» АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы - акционерное общество «КазТрансОйл», қысқаша - АО «КазТрансОйл»;

ағылшын тіліндегі толық атауы - «KazTransOil» Joint Stock Company, қысқаша - «KazTransOil» JSC.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 3-тармақ жаңа редакцияда

3. Қоғамның және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

4. Қоғам қызметінің мерзімі - шектеусіз.

5. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

6. Қоғамның дербес теңгерімі, банк шоттары, толық фирмалық атауы мемлекеттік тілде және орыс тілінде көрсетілген мөрі, мөртабандары мен бланкілері және басқа да деректемелері бар.

7. Қоғамның өз тауар белгісі және рәмізі болуы мүмкін, олардың үлгілерін Қоғам Басқармасы бекітеді және белгіленген тәртіпте тіркеледі.

8. Қоғамның өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

9. Қоғамның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

1. Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

2. Барлық мүдделі тұлға Жарғымен танысуға құқылы. Қоғам мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша оған Қоғамның Жарғысымен, оған кейін енгізілген өзгерістерді және толықтыруларды қоса алғанда танысуға мүмкіндік беруге міндетті. Қоғам акционердің өзіне Жарғының көшірмесін беру туралы талабын үш жұмыс күні ішінде орындауға міндетті.

3-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

1. Қоғамның мақсаты - дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.

ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 2-тармақ жаңа редакцияда; «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.05.11. № 2/2021 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2022.10.19. № 4/2022 хаттама) 2-тармақ өзгертілді

2. Қоғам қызметінің мәні:

1) мұнайды және мұнай өнімдерін магистральдық құбырлармен тасымалдау (айдау, ауыстырып құю, қотару, құю, сақтау, араластыру) жөніндегі қызметтерді көрсету;

2) Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде сұйық көмірсутегі шикізатын сақтау, оны тасымалдау жүзеге асырылатын көліктің басқа түрлеріне тиеу және ауыстырып құю жөніндегі объектілерді қоса алғанда, құбыр жүйесін салуды және пайдалануды жүзеге асыру;

3) сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

4) басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері бойынша қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет);

5) магистральдық мұнай құбырының меншік иесі не өзге заңды негізде магистральдық мұнай құбырына иелік етуші тұлға атынан магистральдық мұнай құбырымен мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету;

6) «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) алып тасталды

7) электр энергиясын беру бойынша қызметтерді көрсету;

8) жылу энергиясын өндіру, беру және тарату жөніндегі қызметтерді көрсету;

9) «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) алып тасталды

10) «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) алып тасталды

11) ағынды суларды бұру жөніндегі қызметтерді көрсету;

12) құбырларды жұмыс істеп тұрған магистральдық және өзге де құбырларға жалғау (қосу) құбырларды жұмыс істеп тұрған магистральдық және өзге де құбырлардан ажырату (айыру) жөніндегі қызметтерді көрсету;

13) Өзен - Атырау - Самара магистральдық мұнай құбырын ілеспе тазалау жөніндегі қызметтерді көрсету;

14) Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы ресейлік мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы 2013 жылғы 24 желтоқсандағы келісім аясында магистральдық мұнай құбырлары жүйесінде мұнай ауыстыру;

15) магистральдық мұнай құбырларымен тасымалданатын мұнайдың реологиялық өлшемдерін зерттеу жүргізу;

16) «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) алып тасталды

17) тамақтандыруды ұсыну және Қоғамның магистральдық құбырлары объектілері орналасқан географиялық шекараларда қызметтік үй-жайларды мүліктік жалдау (жалға алу) қызметтерін көрсету;

18) Қоғам қызметкерлерінің кәсіби даярлығын, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

19) Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдары үшін инженерлік-техникалық жобалауды жүзеге асыру;

20) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы шеңберінде су құбырларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтерін көрсету;

21) «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2022.10.19. № 4/2022 хаттама) алып тасталды

22) жеке меншік жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару;

23) кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйым ретінде Қоғамның электр желілеріне технологиялық қосуды жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсету.

3. Заңнамамен белгіленген тәртіпте алу қажет лицензияның немесе рұқсаттың өзге де түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге де түрлерін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) 1-тармақ өзгертілді

1. Қоғамның жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Заңнамамен белгіленген тәртіпте құқығы бар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық та, шетелдік те валютада шоттар ашуға;

2) мемлекеттік тілде және орыс тілінде Қоғамның толық атауы бар мөрі, мөртабандары және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіпте тіркелген тауар таңбасы мен белгісі (рәмізі) болуына;

3) меншігінде оқшауланған мүлкі, сондай-ақ дербес теңгерімі болуына;

4) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға әрі оларды жүзеге асыруға;

5) бағалы қағаздар шығаруға;

6) басқа ұйымдарды құруға немесе олардың қызметіне қатысуға;

7) Қазақстан Республикасында және шетелде филиалдар, өкілдіктер және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелер ашуға және өз мүлкі есебінен оларға негізгі және айналым құралдарын беруге және олардың қызметінің тәртібін белгілеуге;

8) сотта талапкер және жауапкер болуға;

9) Қоғамның барлық бөлімшесінің және Қоғам құбырлар жүйесін пайдаланушылардың орындауы үшін міндетті нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге әрі бекітуге;

10) Заңнамаға және/немесе Жарғыға сәйкес өзіне берілген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

2. Қоғам міндетті:

1) Заңнаманы сақтауға;

2) белгіленген тәртіпте салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;

3) өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап беруге;

4) Заңнамаға сәйкес жауапты болуға;

5) Қоғам Директорлар кеңесінің тиісті шешімі болған жағдайда, Қоғамның аудит барысында белгілі болған құпия ақпаратын жарияламауын ескере отырып, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталықтандырылған ішкі аудит қызметіне барлық құжаттамаға, өндірістік және басқа да объектілерге және кез келген ақпаратқа, оның ішінде Қоғам компаниялары тобының коммерциялық әрі қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтері мен ақпаратына шектеусіз қол жетімділікті ұсынуға;

6) ішкі бизнес үдерістерді (бизнес жоспарлау, активтерді басқару, кредиттеу, инвестициялық қызмет) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бизнес үдерістеріне сәйкес реттеуші қағидаларды бекітуге;

7) Заңнамамен және/немесе Жарғымен өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға.

5-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 1-тармақ өзгертілді

1. Қоғам акционерінің құқығы бар:

1) Заңнамамен және/немесе Жарғымен көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

1-1) дербес немесе өзге акционерлермен бірлесіп, Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан астам пайызын иеленген кезде, Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді ұсынуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлер жалпы жиналысында немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе нақтылы ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына өзінің меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

7) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғам лауазымды адамдарының

Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғам лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңмен белгіленген тәртіпте өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 11) тармақшамен толықтырылды

11) Акционерлер жалпы жиналысының Заңмен көзделген тәртіпте Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысу;

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 1-1-тармақпен толықтырылды

1-1. Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;

егер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.

2. Ірі акционердің сондай-ақ құқығы бар:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлер жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) алып тасталды

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 3-тармақ жаңа редакцияда

3. Қоғамның топтық басқару жүйесі Қоғамның барлық акционеріне әділ қатынасты және олардың құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Акционерлердің осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Қоғам акционерлерінің Заңнамамен және/немесе Жарғымен көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) 3-1-тармақпен толықтырылды; «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 3-1-тармақ жаңа редакцияда

3-1. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлғалар үшін осы баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасында көзделген талапты орындау міндетті болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 4-тармақ өзгертілді

4. Қоғам акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды нақтылы ұстаушыға Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңнамаға сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 5-тармақ жаңа редакцияда

5. Акционердің осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) нақтылы ұстаушы жауапты болмайды.

6-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

1. Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбасталатын және басқа да бағалы қағаздарды, оның ішінде туындыларын шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар нарығы туралы Заңнамамен айқындалады.

2. Қоғам тек жай акцияларды ғана шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

3. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселені шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен Акционерлер жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамда таза кіріс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда Заңнамамен белгіленген тәртіпте оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

4. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 5-тармақ өзгертілді

5. Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен (бағалы қағаздан басқа) төлем жасау бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

6. Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті пайдалануға төленетін ақының мөлшері негізге алына отырып, Қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім аяқталғанға дейін Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының келісімінсіз мұндай мүлікті алып қоюға тыйым салынады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 7-тармақ жаңа редакцияда

7. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады.

8. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті мемлекеттік органға ақпарат беру тәртібі бағалы қағаздар нарығы туралы Заңнамамен айқындалады.

9. Орналастырылатын акция толық төленгенге дейін Қоғамның осы акцияны Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі (нақтылы ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының шотына есептеу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

10. Қоғамның акцияларын және басқа да бағалы қағаздарын кепілге салу мәселелері Заңнамамен және тиісті кепілге салу шартымен реттеледі.

7-БАП. ДИВИДЕНДТЕР

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 1-тармақ өзгертілді

1. Акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін кіріс дивиденд болып табылады.

Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер Заңда және (немесе) акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 2-тармақ өзгертілді

2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер Акционерлер жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың және/немесе жарты жылдың және/немесе тоқсанның қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

4. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 5-тармақ жаңа редакцияда

5. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеуге жол берілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Заңнамаға сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

Акционер осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша дивиденд төленбеген жағдайларды қоспағанда Қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 6-тармақ өзгертілді

6. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) алып тасталды

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 8-тармақ өзгертілді

8. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банкілік және өзге де деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;
3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
4) дивидендтер төлеудің басталатын күні;
5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны;
6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) 9-тармақпен толықтырылды; «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 9-тармақ жаңа редакцияда

9. Дивидендтерді төлеу Заңмен белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

8-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

Қоғамның органдары:
1) жоғары орган - Акционерлер жалпы жиналысы;
2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
3) атқарушы орган - Басқарма;
4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, топтық басқару саласындағы құжаттарды орындауды және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асырушы орган - Ішкі аудит қызметі.

Акционерлер жалпы жиналысы құрылғанға дейін Заңнамамен және Жарғымен Акционерлер жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді Заңнамамен және өзінің жарғысымен белгіленген тәртіпте Жалғыз акционер қабылдайды.

9-БАП. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

2. Қоғам Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 3-тармақ өзгертілді

3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі, Қоғамның және жылдық есебі бекітіледі, Қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады, сондай-ақ акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы Қоғамның акционерлеріне хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау Акционерлер жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілуге тиіс.

Есепті кезең ішінде Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, аталған мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып саналады.

5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

6. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы мыналардың бастамасы бойынша шақырылады:

1) Директорлар кеңесі;

2) ірі акционер.

Егер Қоғам ерікті түрде таратылу үдерісінде болса, оның Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Заңнамамен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 7-тармақ өзгертілді

7. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын әзірлеуді және өткізуді жүзеге асырады:

1) Басқарма;

2) Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;

3) Директорлар кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы.

8. Заңнамамен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлер жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.

9. Қоғам Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Заңнамамен белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер Қоғам органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы ірі акционердің талабын орындамаса, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

10. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша шақырылған Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамаларына өзгерістер енгізуге және ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқылы емес.

Қойылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған кезде Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ірі акционер (акционерлер) қойған жағдайда, мұндай жиналысты шақыруды талап етуші акционерлердің (акционердің) есімдері (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуге тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуші адам (адамдар) қол қояды.

11. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті.

Қоғам Директорлар кеңесінің ірі акционердің талап етуі бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі қабылдануы мүмкін, егер:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты қоюдың Заңнамада белгіленген тәртібі сақталмаса;

2) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуге ұсынылған мәселелер Заңнама талаптарына сәйкес келмесе.

Қоғам Директорлар кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

Егер Қоғамның Директорлар кеңесі Заңнамамен белгіленген мерзім ішінде қойылған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдамаса, оның шақырылуын талап етуші адам Қоғамды Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 12-тармақ өзгертілді

12. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді жасау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

Акционерлер тізіміне енгізілуге тиісті мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

13. Егер Акционерлер жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға Қоғамның оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, Акционерлер жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 14-тармақ жаңа редакцияда

14. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Басқармасы орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.

Қоғамның акционерлері Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының отырысына Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалған байланыс құралдарын пайдаланумен қашықтықтан қатысуға құқылы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 15-тармақ жаңа редакцияда

15. Акционерлерге алда Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлануға тиіс.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 16-тармақ жаңа редакцияда

16. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсында, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) 17-тармақ өзгертілді; «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 17-тармақ жаңа редакцияда

17. Шешімі қатысып немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда қамтылуға тиіс:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқы жиналыс болмай қалса, өткізілуге тиісті Қоғам Акционерлерінің қайта болатын жалпы жиналысының өткізілетін күні және уақыты;

4) Акционерлер жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлер тізімі жасалған күн;

5) Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Қоғам акционерлерін таныстыру тәртібі;

7) Акционерлер жалпы жиналысын өткізу тәртібі;

8) сырттай дауыс беру тәртібі;

9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары, оларға сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізіледі.

Аралас дауыс берген жағдайда Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда жоғарыда айтылған ақпаратқа толықтыру ретінде бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні көрсетіледі.

Шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда қамтылуға тиіс:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлер тізімі жасалған күн;

4) сырттай дауыс беру қорытындыларын санау үшін бюллетеньдерді ұсынудың бастапқы және соңғы күні;

5) сырттай дауыс беру қорытындыларын санау күні;

6) Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі;

7) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Қоғам акционерлерін таныстыру тәртібі;

8) дауыс беру тәртібі;

9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары, оларға сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізіледі.

Миноритарлық акционер Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге жүгінуге құқылы.

Миноритарлық акционердің жүгіну және орталық депозитарийдің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі орталық депозитарий қағидаларының жинағымен белгіленеді.

18. Акционерлер жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.

19. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізіледі.

20. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 21-тармақ өзгертілді

21. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Күн тәртібінде, «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

22. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі (топтық хатшы) күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

23. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акциялар жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 24-тармақ жаңа редакцияда

24. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілуі мүмкін:

1) мұндай толықтырулар туралы Қоғам акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар;

2) егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде 95 (тоқсан бес) пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді жақтап дауыс берсе, олар енгізілуі мүмкін.

Акционерлер жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

25. Акционерлер жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

26. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс. Топтық хатшы Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды құрауды қамтамасыз етеді.

27. Қоғамның органдарын (Директорлар кеңесін) сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;

2) білімі туралы мәліметтер;

3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;

4) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қай акционердің өкілі болып табылатындығы немесе ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат па екендігі көрсетілуге тиіс. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер не Жарғының 11-бабы 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жеке тұлға болса, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімі қалыптастырылған күнгі Қоғамның дауыс беретін акцияларын акционердің иелену үлесі туралы деректер енгізіле отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 28-тармақ өзгертілді

28. Акционерлер жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қамтуға тиіс:

1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігі;

2) Қоғамның жылдық қаржы есептілігіне және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есептер;

3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;

4) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 5) тармақша өзгертілді

5) атқарылған жұмыс туралы Директорлар кеңесінің жылдық есебі;

6) Акционерлер жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

29. ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) алып тасталды

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 30-тармақ жаңа редакцияда

30. Акционерлер жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін жиналыс өткізілетін күннен 10 (он) күн бұрын дайын әрі Қоғам Басқармасы орналасқан жерде қолжетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс; құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 31-тармақ жаңа редакцияда

31. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (барлық бюллетеньдерді ұсыну күніне немесе сырттай дауыс беру арқылы Акционерлер жалпы жиналысын өткізген кезде бюллетеньдерді ұсыну мерзімінің аяқталу күніне) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп пайызын иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

32. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетіні күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) көпшілік құрамның болмауы себепті Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса.

33. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және Акционерлер жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде Қоғам алған дауыстар көпшілік құрамды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлер жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде көпшілік құрам болмаған жағдайда, Акционерлер жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

34. Акционер жеке өзі немесе өз өкілі арқылы Акционерлер жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Қоғам Басқармасы мүшелерінің Акционерлер жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Мұндай өкілдік Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселе бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің Акционерлер жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

35. Заңнамаға немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Акционерлер жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 36-тармақ жаңа редакцияда

36. Акционерлер жалпы жиналысының қатысып өткізу тәртібі Заңнамаға, Қоғамның Жарғысына және Акционерлер жалпы жиналысы бекіткен Қоғамның Акционерлер жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес айқындалады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) 37-тармақ өзгертілді; «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 37-тармақ жаңа редакцияда

37. Акционерлер жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлер өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлер жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Шешімі аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлер жалпы жиналысының кворумын анықтау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

Көзбе-көз тәртіпте жүргізілетін Акционерлер жалпы жиналысына келген акционер (акционер өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы болмайды.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында Қоғам Басқармасының мүшелері болуы тиіс, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері мен шақырылған адамдар қатысуы мүмкін. Шақырылған адамдар Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыс төрағасының рұқсатымен сөз сөйлеуге құқылы.

Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені Акционерлер жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

38. Акционерлер жалпы жиналысы көпшілік құрам болған ретте хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, Акционерлер жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

Егер жиналысты бастауға тағайындалған уақыттан кейін 1 (бір) сағат ішінде көпшілік құрам болмаса, онда жиналыс Акционерлер жалпы жиналысын қайталап өткізуге жиналыс өткізу туралы хабарламада көрсетілген күнге және уақытқа ауыстырылады.

39. Акционерлер жалпы жиналысы төраға (төралқа) сайлайды.

Акционерлер жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлер жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру «1 (бір) акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады, ал шешім қатысып отырған және дауыс беруге қатысуға құқығы бар Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Басқармаға кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері Акционерлер жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Қоғамның топтық хатшысы Акционерлер жалпы жиналысының хатшысы болады.

40. Акционерлер жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер Акционерлер жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.

41. Акционерлер жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлер жалпы жиналысының күн

тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

42. Акционерлер жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселе қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

43. Топтық хатшы Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

44. Акционерлер жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлер жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не Акционерлер жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

45. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) алып тасталды

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 46-тармақ жаңа редакцияда

46. Сырттай дауыс беретін кезде Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында Акционерлер жалпы жиналысының өтетіндігі туралы хабарламамен бірге Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді жариялайды.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 47-тармақ өзгертілді

47. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде қамтылуға тиіс:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы ақпарат;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;

4) Акционерлер жалпы жиналысының жабылу күні;

5) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;

8) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 48-тармақ жаңа редакцияда

48. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке адам - акционер (жеке адам - акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, қол қоюы тиіс.

Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы (заңды тұлға - акционердің өкілі) қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің өкілі қол қойған жағдайда сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхат немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке адам - акционердің не заңды тұлға - акционер басшының немесе жеке адам - акционердің өкілі немесе заңды тұлға - акционердің өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер (акционер өкілінің) бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін нұсқаларының ішінен тек біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

49. Егер Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс.

50. Егер Акционерлер жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерден дауыстарды санау тағайындалған күннен бұрын келіп түскен болса, онда дауыстарды уақытынан ертерек күні санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

51. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) алып тасталды

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 52-тармақ өзгертілді

52. Акционерлер жалпы жиналысында дауыс беру мына жағдайларды қоспағанда «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда 1 (бір) акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;

3) Акционерлер жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға Акционерлер жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша 1 (бір) дауыстан беру.

Дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.

Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда Қоғамның есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де), соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

Дауыс беру қорытындылары Акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысының барысында жария етіледі.

Акционерлер жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге Акционерлер жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оларды қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы хабарланады.

53. Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 54-тармақ өзгертілді

54. Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) Акционерлер жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;

3) Қоғамның Акционерлер жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;

4) Акционерлер жалпы жиналысының көпшілік құрамы;

5) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлер жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;

7) төраға (төралқа) және топтық хатшы;

8) Акционерлер жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;

9) Акционерлер жалпы жиналысына қатысқан адамдар саны;

10) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;

11) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

12) Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

Жалпы жиналыста Қоғамның Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 55-тармақ өзгертілді

55. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасына қол қоюға тиіс:

1) Акционерлер жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және корпоративтік хатшы;

2) есеп комиссиясының мүшелері.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілген Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері қол қоюлары тиіс.

3) Қоғамның дауыс беретін акцияларының 10 (он) немесе одан көп пайызын иеленетін және Акционерлер жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі не Заңнамаға немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар адам хаттамаға қол қояды.

56. Осы баптың 54-тармағында аталған адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

57. Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоймаған адамдардың хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептері туралы жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар Қоғам Басқармасында сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлер жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

10-БАП. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2022.10.19. № 4/2022 хаттама) 1-тармақ өзгертілді

1. Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) топтық басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастырылатын акцияларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде Қоғамның акцияларын орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттарын және тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

7) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

8) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

9) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару;

10) Қоғам Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшерін және шарттарын айқындау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

11) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

12) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту;

13) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту, сондай-ақ жарты жылға немесе тоқсанға дивидендтер төлеу туралы мәселе қаралған жағдайда, Қоғамның жарты жылдағы немесе тоқсандағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту;

14) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту;

15) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

16) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

18) Акционерлер жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын айқындау;

19) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

20) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

21) бөлінбеген пайданы бөлу туралы шешім қабылдау;

21-1) дивиденд саясатын бекіту;

21-2) нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп проценті сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп процентін құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау.

Бұл ретте, магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет), сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану/оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді

көрсетумен байланысты мәмілелерді қоспағанда, тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісім бойынша жүзеге асырылады;

21-3) жасалуы туралы шешімді Жарғының 11-бабы 3-тармағының 22-2) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын, жасалуына Қоғам мүдделі болатын ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуына Қоғам мүдделі болатын ірі мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау.

Бұл ретте, магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет), сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану/оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді көрсетумен байланысты мәмілелерді қоспағанда, тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісім бойынша жүзеге асырылады;

22) ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) алып тасталды

23) шешім қабылдау Заңмен және (немесе) Жарғымен Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 2-тармақ өзгертілді

2. Осы бап 1-тармағының 2) - 4) және 19) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлер жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Егер Заңмен және (немесе) Жарғымен өзгеше белгіленбесе, Акционерлер жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акциялары жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

2-1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) алып тасталды

3. Егер Заңнамамен өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

11-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

1. Заңмен және/немесе Жарғымен Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі Акционерлер жалпы жиналысына жыл қорытындысы бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті Директорлар кеңесі туралы ережемен көзделген тәртіпте ұсынады.

2. Акционерлер жалпы жиналысының шешімімен Қоғам Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметті орындауға уәкілетті емес мүшелеріне олар өз міндеттерін атқаруы кезеңінде сыйақы төленуі және (немесе) олардың Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері міндеттерін атқаруына байланысты шығыстары өтелуі мүмкін. Ондай сыйақылар мен өтемақылар мөлшері Акционерлер жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.
«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 3-тармақ жаңа редакцияда; «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2022.10.19. № 4/2022 хаттама) 3-тармақ өзгертілді

3. Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, Қоғамның даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясының іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Жарғыға енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды немесе оның жаңа редакциясын, сондай-ақ топтық басқару кодексін, оған енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды мақұлдау;

3-1) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыруды немесе таратуды мақұлдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін, шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның өткен қаржы жылындағы (жарты жылдағы немесе тоқсандағы) таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде жыл (жарты жыл немесе тоқсан) үшін дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру;

6) Қоғамның жылдық есебін және тұрақты даму саласындағы есебін (Қоғамның жылдық есебі құрамына енгізілуі мүмкін) бекіту;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) Қоғам Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, ол туралы ережені бекіту, бас директорды (Басқарма төрағасын) және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақылары мөлшерін және оларға еңбекақы, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, оларды материалдық жауаптылыққа тарту, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

10) Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің құзыретін, жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақылары мөлшерлерін және оларға еңбекақы, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, Ішкі аудит қызметі басшысы мен мүшелерінің қызметін бағалау, оларды материалдық жауаптылыққа тарту, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

11) Ішкі аудит қызметінің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарын, сондай-ақ Қоғамның бизнес жоспары құрамында осы қызметтің бюджетін бекіту;

12) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ лауазымдық

айлықақысы мөлшерін, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, корпоративтік хатшының қызметін бағалау, оны материалдық жауаптылыққа тарту, оған тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

14) топтық хатшы қызметін құру және тарату, оның штат санын, ол туралы ережені, сондай-ақ Қоғамның бизнес жоспары құрамында осы қызметтің бюджетін бекіту;

15) қаржылық есептілікке аудит үшін аудитор ұйымның, сондай-ақ Қоғам акцияларының төлемі үшін берілген не ірі мәміле мәні болатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін айқындау;

16) тізбесін Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту (өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу, күші жойылды деп тану);

17) Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

17-1) өз құзыреті шеңберінде заңды тұлғалар құру туралы (заңды тұлғаларды құруға қатысу туралы) шешім қабылдау;

18) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешім қабылдау;

18-1) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан көп пайызын сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешімді қабылдау;

19) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

20) Қоғамның қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылық көмек, қаржылық кепілдіктер және Қоғамның қаржылық борышын арттыратын кез келген басқа да міндеттемелер) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын шамаға көбейту;

21) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

22) жасалуы туралы шешімді Жарғының 10-бабы 1-тармағының 21-2) тармақшасына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер жасасу туралы шешімді қабылдау.

Бұл ретте, магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет), сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану/оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді көрсетумен байланысты мәмілелерді қоспағанда, тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісім бойынша жүзеге асырылады;

22-1) жасалуы туралы шешімді Жарғының 12-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғам Басқармасы қабылдайтын, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) тобына кіретін ұйымдармен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау.

Бұл ретте, магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай

бағыттау бойынша операторлық қызмет), сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану/оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді көрсетумен байланысты мәмілелерді қоспағанда, тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісім бойынша жүзеге асырылады;

22-2) жасалуына Қоғам мүдделі болатын (нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу процентінен кемін құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін)) ірі мәмілелерді Қор тобына кіретін ұйымдармен жасасу туралы шешімді қабылдау.

Бұл ретте, магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет), сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану/оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді көрсетумен байланысты мәмілелерді қоспағанда, тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісім бойынша жүзеге асырылады;

23) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және жою, олар туралы ережелерді бекіту, Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату;

24) Қоғамның бизнес жоспарын, сондай-ақ оған енгізілетін түзетулерді бекіту;

25) Қоғам орталық аппараты қызметкерлерінің штат санын және құрылымын бекіту;

25-1) Қоғамның орталық аппараты жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақы схемасын, еңбекке ақы төлеу қағидаларын бекіту;

26) Қоғам компаниялары тобының есеп жүргізу саясатын және Қоғамның салық есебін жүргізу саясатын бекіту;

27) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, қызметтің үздіксіздігін басқару жүйелері, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін ұйымдастыру жөніндегі рәсімдер, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері саласындағы тиімділікті бағалау әдістемелері саласындағы саясаттарды бекіту, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігін бағалау;

28) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі, оның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпаратты алу тәртібін және мерзімдерін айқындау;

29) Қоғам Директорлар кеңесі бекітетін тізбе бойынша лауазымдарға тағайындауды келісу;

30) Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағандары үшін сыйақы және шығыстарына өтем төлеу мөлшері және шарттары жөнінде Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныстар дайындау;

31) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

32) омбудсменді тағайындау және ол туралы ережені бекіту;

33) Қоғамның аралық (жартыжылдық) қаржылық есептілігін және аралық (жартыжылдық) шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту;

34) Қоғам стейкхолдерлер картасын бекіту;

35) Қоғамның топтық әлеуметтік жауаптылығы стратегиясын бекіту;

36) Қоғам Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Қоғамның, Қоғам Басқармасының, Басқарма басшысының және мүшелерінің, Қоғам Ішкі аудит қызметінің және оның жетекшісінің қызметін бағалау жүргізу туралы шешім қабылдау;

37) Директорлар кеңесінің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;

38) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға кірісу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекіту;

39) топтық басқару кодексі қағидаттарының және ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы топтық хатшының есебін бекіту;

39-1) Қоғам қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы), Басқарма мүшелері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен бекіту;

39-2) Қоғамның Бас директоры (Басқарма Төрағасы), Басқарма мүшелері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін нақты мәндерімен және қорытынды нәтижелілігімен Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен бекіту;

40) Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген, Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі немесе Қор бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

4. Тізбесі осы баптың 3-тармағында белгіленген мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне беруге болмайды.

5. Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қоғам Директорлар кеңесінің шешім қабылдауына, сондай-ақ Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауына құқығы жоқ.

6. Директорлар кеңесі тиіс:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы топтық басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 7-тармақ өзгертілді

7. Жеке адам ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың және Директорлар кеңесі мүшелерінің акционерлердің және Қоғамның мүдделерінде өз міндеттерін орындауы әрі бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруы үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, білігі, жеткен жетістіктері және іскери әрі сала ортада мінсіз беделі болуы тиіс.

Мынадай адам Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлана алмайды:

1) жоғары білімі жоқ;

2) өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы бар;

3) белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңге бұрын басқа заңды тұлға директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), бірінші басшының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

4) Қоғамға бәсеке ұйымдар директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) немесе атқарушы органының құрамына кірген.

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамға бәсеке ұйымдар директорлар кеңестерінің (бақылау кеңестерінің) немесе атқарушы органдарының мүшелерін сайлау рәсімдеріне өз кандидатураларын ұсынбауы не қатыспауы ұсынылады.

8. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналар арасынан сайланады:

1) акционерлер - жеке адамдар;

2) Қоғам Директорлар кеңесіне акционерлер өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар.

9. Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінің мынадай бағандары болуы тиіс:

1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидаттар тізбесі;

2) акционерге тиесілі дауыстар саны;

3) акционердің Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидатқа берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетеньге «қарсы» және «қалыс қалды» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысты Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа толығымен беруге немесе оларды бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп кандидат тең дауыс санын жинаған болса, бұл кандидаттарға қатысты тең дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге ұсыну арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.

10. Бас директордан (Басқарма төрағасынан) басқа Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғам Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Бас директоры (Басқарма төрағасы) Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

11. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

12. Тәуелсіз директор болып Заңмен белгіленген тәуелсіз талаптарына сәйкес келетін, сондай-ақ мынадай адам сайланады:

1) соңғы бес жыл бойы Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері емес және болмаған;

2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сыйақыны қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы алмаған және алмайтын;

3) басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай лауазымда бола отырып, басқа ұйымдарға немесе органдарға осындай қатысуы арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен айтарлықтай байланысы жоқ;

4) акционердің немесе мемлекеттік басқару органдарының өкілі емес;

5) тоғыз жылдан астам қатарынан Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі емес және болмаған.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 13-тармақ жаңа редакцияда

13. Кез келген адамның Директорлар кеңесінің құрамына 6 жылдан астам мерзімге қатарынан (мысалы, екі үш жылдық мерзімге) сайлануы Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңалау қажеттігі ескеріліп, айрықша қарауға жатады. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор тоғыз жылдан астам қатарынан сайлана алмайды. Ерекше

жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлануға жол беріледі, бұл рете Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігі және осы жағдаяттың шешімдер қабылдауда тәуелсіз болуға ықпалы егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып, жыл сайын жүруі тиіс.

Бірде-бір адам өзін тағайындаумен, сайлаумен, қайта сайлаумен, өкілеттігі доғарылуымен байланысты шешімдердің қабылдануына қатыспауы тиіс.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 14-тармақ өзгертілді

14. Директорлар кеңесінің мүшесі үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, одан әрі қызметінің нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда, үш жылға дейінгі мерзімге тағы қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 15-тармақ жаңа редакцияда

15. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғаруға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару туралы шешім қабылдаған күннен бастап доғарылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 16-тармақ өзгертілді

16. Қоғам Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын доғару Қоғам Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Егер хабарламада Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлер жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесі өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

17. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады.

Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

18. Директорлар кеңесінің төрағасы белгіленген тәртіпте:

1) Қоғам Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Қоғам Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

3) отырыстарда хаттама жүргізілуін ұйымдастырады;

4) Қоғамның акционерлерін Қоғам Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері сыйақысының мөлшері және құрамы туралы жыл сайын хабардар етеді;

5) Заңнамамен, Жарғымен және Қоғам Директорлар кеңесі туралы ережемен көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

19. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

20. Қоғам Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша не талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;

3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Қоғам ірі акционерінің.

21. Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғам Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

22. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

Қатысатын отырыс өткізілетін жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа қатыса алмайтын жағдайда, оның күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлау жолдау арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме болуы тиіс.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 23-тармақ жаңа редакцияда

23. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын, ал даму стратегиясы және бизнес жоспар мәселелері бойынша кемінде он жұмыс күні бұрын беріледі.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдау мәселесі қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптарын, мәміленің орындалу мерзімдерін және шарттарын, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заңның 69-бабының 1-тармағымен көзделген жағдайда) қамтуы тиіс.

Қоғамның мәмілелер жасауына мүдделі тұлғалар Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты белгіленген мерзімдерді ескере отырып, Директорлар кеңесінің назарына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Директорлар кеңесіне жолданатын материалдарға қоса тіркеледі.

Қоғамның мәмілелер жасауына мүдделі Қоғамның лауазымды тұлғалары болатын адамдар Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты ұсынады:

Директорлар кеңесінің отырысы бас қосқан тәртіпте өткізілген ретте - ол өткізілгенге дейін топтық хатшы арқылы;

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған ретте - тиісті ақпаратты бюллетеньдерде көрсету жолымен.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) 24-тармақ өзгертілді

24. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейне мәслихат (интерактивті дыбысты-бейнелі байланыс), мәслихат-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңес» тәртібінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдаланып қатыса алады. Мұндай отырыстарда қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Қоғамның Басқармасына және корпоративтік хатшыға алдын ала хабарлауға міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлау арқылы Директорлар кеңесінің отырысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл орайда күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарлау мыналарды қамтуы тиіс:

1) жасалған күні;

2) Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлау арқылы пікір білдірген күн тәртібі;

3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша айқын білдірілген ұстаным;

4) қолы;

5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесі табыс еткен күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлау көпшілік құрамды және дауыс беру қорытындыларын санау кезінде ескеріледі әрі отырыс хаттамасына тігіледі, онда Директорлар кеңесі осы мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлау жолдау арқылы дауыс бергені туралы жазба жасалады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлауды Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе топтық хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін табыс етуі тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлауды бұрын табыс еткен Директорлар кеңесінің мүшесі Кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша хабарламасы ескерілмейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 25-тармақ өзгертілді

25. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін көпшілік құрам Директорлар кеңесінің мүшелері жалпы санының кемінде жартысын құрайды және бейне мәслихат (интерактивті дыбысты-бейнелі байланыс), мәслихат-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңес» тәртібінде бір мезгілде сөйлесуі), өзге де байланыс құралдарының пайдаланылуы ескеріліп, сондай-ақ жоқ Директорлар кеңесінің мүшелері ескеріліп (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған ретте) анықталады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны көрсетілген көпшілік құрамға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

Осы баптың 3-тармағының 1), 3-1)-5), 8)-9), 12)-13), 17)-18-1), 22)-25), 35) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл ретте Директорлар кеңесінің отырыстарына тәуелсіз директорлардың жай көпшілігі қатысуы тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдындағы азатжолда айқындалған көпшілік құрамға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің келесі отырысына ауыстырылады. Осы тармақтың алдындағы азатжолда көрсетілген мәселелерді қайта қарау кезінде шешімдер қабылдау үшін көпшілік құрам Директорлар кеңесі мүшелері жалпы санының кемінде жартысын құрайды, бұл ретте отырысқа тәуелсіз директорлар жалпы санының кемінде жартысы мөлшерінде тәуелсіз директорлар қатысуға тиіс.

26. Директорлар кеңесі әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңмен немесе Жарғымен өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болады.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Заңмен және Жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

Акционер Директорлар кеңесінің Заңның және Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер көрсетілген шешім Қоғамның және (немесе) осы акционердің құқығын және заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 27-тармақ өзгертілді

27. Қоғамның Директорлар кеңесі осындай мәміленің үлгілік шарттарын бекіткен жағдайларды қоспағанда, жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Егер, тәуелсіз директорлардан басқа, Директорлар кеңесі мүшелерінің барлығы осындай мәмілені жасасуға мүдделі болса, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешімді Акционерлер жалпы жиналысы оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен қабылдайды.

Қоғам Қор тобына кіретін ұйымдармен жасасқан жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілелер мен мәмілелер Заңмен белгіленген айрықша шарттар қолданылмай, Қор директорлар кеңесі айқындаған тәртіпте жасалады.

28. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 29-тармақ өзгертілді

29. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша оның шешімдері Қоғам Директорлар кеңесі төрағасының қалауымен сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Бұл орайда отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады, олар Директорлар кеңесінің отырысын өткізу хабарламамен бірге жіберіледі.

Осы баптың 3-тармағының 1), 3-1)-5), 8)-9), 12)-13), 17)-18-1), 22)-25), 35) тармақшаларында айқындалған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алмайды.

30. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень мыналарды қамтуы тиіс:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;

2) қол қойылған бюллетеньді топтық хатшыға беретін күн;

3) отырыстың күн тәртібі;

4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;

5) өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер жолданған ретте топтық хатшы олардың дұрыс және бірыңғай толтырылғанын өзінің қолымен куәландырады.

31. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде көпшілік құрам болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Директорлар кеңесі сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған топтық хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюға әрі ол мыналарды қамтуға тиіс:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;

2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;

3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;

4) шешім қабылдау үшін көпшілік құрамның болғаны/болмағаны туралы жазба;

5) отырыстың күн тәртібі;

6) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;

7) өзге де мәліметтер.

Шешім ресімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер көшірмелері қоса тіркеліп, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануға тиіс.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 32-тармақ өзгертілді

32. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап жеті күн ішінде жасалуға және оған Директорлар кеңесінің мүшелері мен корпоративтік хатшы қол қоюға және ол мыналарды қамтуға тиіс:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;

2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;

3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша Директорлар кеңесі әрбір мүшесінің Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлау жолдау арқылы дауыс бергені туралы жазба (ондай жазбаша хабарлау болған ретте);

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 33-тармақ өзгертілді

33. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғамда сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнен үзіндінің корпоративтік хатшының қолтаңбасымен куәландырылған көшірмесін беруге міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) 34-тармақ жаңа редакцияда

34. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері мына мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта аталған мәселелердің қаралуы Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзырына жатқызылуы мүмкін.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 35-тармақ өзгертілді

35. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы бап 34-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген Директорлар кеңесі комитеттерінің жетекшілері (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет тек қана Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруға тиіс.

Бас директор (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сан құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

12-БАП. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

1. Қоғам Басқармасы ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі Қоғам Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы ережемен айқындалады.
«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2022.10.19. № 4/2022 хаттама) 2-тармақ өзгертілді

2. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен басқа органдар мен лауазымды адамдар құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің штат санын және құрылымын, корпоративтік хатшы қызметінің штат санын ескере отырып, Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің штат санын және құрылымын бекітеді, сондай-ақ олар туралы ережелерге сәйкес Қоғам филиалдарының, өкілдіктері мен өзге жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің штат саны мен құрылымын, филиалдар мен өкілдіктердің штат кестесін бекітеді;

2) Қоғамның барлық жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

3) акцияларды орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

4) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің, өзінің еншілес ұйымдарының және бірлескен бақылаудағы ұйымдарының жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;

5) Қоғамның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

6) Акционерлердің жалпы жиналысы және (немесе) Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (оның ішінде тәуекелдерді басқару бойынша құжаттарды) бекітеді (өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді, күші жойылды деп таниды);

7) Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы белгіленген тәртіпте шешім қабылдайды;

7-1) Қоғам филиалдарынан, өкілдіктері мен жекеленген құрылымдық бөлімшелерінен басқа, өзгелерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдайды және олар туралы ережелерді бекітеді;

8) Қоғамның басқа заңды ұйымдар, соның ішінде Қоғам акционері (қатысушысы) болатын заңды ұйымдар жарғылық капиталындағы акциялардың (қатысу үлестерінің) он

пайызына дейінін сатып алуы туралы, сондай-ақ олардағы акцияларды (қатысу үлестерін), Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, иеліктен шығару мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

8-1) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он пайызына дейін сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешімді қабылдайды;

9) Жарғының 9-бабының 36-тармағында, 10-бабының 1-тармағының 10), 14), 20), 21) тармақшаларында, 11-бабының 3-тармағының 2), 8)-14), 23), 28)-30), 32), 36)-39), 39-2) тармақшаларында, 12-бабының 3-тармағының үшінші және алтыншы абзацтарында, 13-бабының 3-тармағында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала қарайды;

10) Қор тобына кіретін ұйымдармен жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдерді Қор белгілеген тәртіпте қабылдайды (Қор белгілеген тәртіппен өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша жасалатын мәмілелерді қоспағанда).

Бұл ретте, магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет), сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану/оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді көрсетумен байланысты мәмілелерді қоспағанда, тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісім бойынша жүзеге асырылады;

11) Қоғамның даму стратегиясын, бизнес жоспарын іске асыруды жүзеге асырады, олардың атқарылуы үшін жауапты болады, сондай-ақ есепті кезеңдегі Қоғамның даму стратегиясының, бизнес жоспарының бюджет бөлігінде іске асырылуы туралы жыл сайын Директорлар кеңесіне есептер ұсынады;

12) Қоғамның қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылық көмек, қаржылық кепілдіктер және Қоғамның қаржылық борышын арттыратын кез келген басқа да міндеттемелер) Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің он процентіне дейін құрайтын шамаға көбейту туралы шешім қабылдайды;

13) құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің екіден жиырма бес процентіне дейін құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) (Қор белгілеген тәртіппен өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша жасалатын мәмілелерді қоспағанда) мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдайды.

Бұл ретте, магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет), сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану/оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді көрсетумен байланысты мәмілелерді қоспағанда, тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісім бойынша жүзеге асырылады;

13-1) Қоғамның инвестициялық жобаларын іске асыруды қамтамасыз етеді;

14) Директорлар кеңесі, Акционерлер жалпы жиналысы шешімдерінің, Қоғамның жылдық қаржы есептілігіне аудитті жүзеге асырушы аудитор ұйымның ұсынымдарының атқарылуына бақылауды жүзеге асырады;

15) Қоғамның меншігіне қатысты заңсыз әрекеттер тудырушы себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

16) тәуекел-тәбет дәрежесінің сақталуына және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және Қоғамдағы қызметтің үздіксіздігін басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуіне жауапты болады;

16-1) Қоғамның тәуекелдері бойынша, оның ішінде ішкі бақылау және Қоғамдағы қызметтің үздіксіздігін басқару жүйелері бойынша есептілікті Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесіне ұсынады;

17) Қоғам бағалы қағаздарының қор биржасындағы листингі үшін оларды шығару анықтамалығын, сондай-ақ оған өзгерістерді және толықтыруларды бекітеді;

18) Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің өзге де мәселелері, оның ішінде Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі немесе Қор бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 3-тармақ жаңа редакцияда; «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 3-тармақ өзгертілді

3. Қоғамның акционерлері және оның акционерлері емес қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады. Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, білігі, іскерлік беделі болуы тиіс.

Бас директорды (Басқарма төрағасын) қоспағанда, Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын доғарылған және Директорлар кеңесі Басқарманың жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, жаңа мүшенің өкілеттігі тұтас алғанда Басқарма өкілеттігінің мерзімі аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

Басқарма мүшесі Қоғам Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Бұл ретте Басқарма мүшелері Қоғамның бәсеке ұйымдары директорлар кеңестерінің (бақылаушы кеңестерінің) немесе атқарушы органдарының құрамына кірмеуі, сондай-ақ оларда елеулі қаржылық мүддесі болмауы тиіс.

Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) атқарушы орган басшысының не атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға не қызметінің мәні қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлға филиалының басшысы лауазымын атқаруға құқылы емес.

Басқарма мүшесінің қызметі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ көрсетілген адамның Қоғаммен жасайтын еңбек шартымен айқындалады. Бас директормен (Басқарма төрағасымен) еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Акционерлер жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) қол қояды.

Бас директормен (Басқарма төрағасымен), Басқарма мүшесі Қоғам қызметкерімен еңбек қатынастарын доғару Қоғам Директорлар кеңесінің тиісті шешімі негізінде жүзеге асырылады.

4. Басқарма мүшелерінің саны кемінде бес адам болуға тиіс.

5. Басқарма егер оның отырысына сайланған (тағайындалған) Басқарма мүшелері санының кемінде жартысы қатысса, соның ішінде отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша түрде дауыс берген Қоғам Басқармасының жоқ мүшелері шешім қабылдауға құқықты.

Басқарма мүшесі өзінің Басқарма отырысына қатыса алмайтындығы туралы бас директорды (Басқарма төрағасын) немесе Басқарма хатшысын алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырыста жоқ Басқарма мүшесі Басқарма отырысы күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша хабарлау арқылы дауыс беруге Қоғам құқылы.

Көрсетілген жазбаша хабарлау мазмұны, оны үсыну және онымен берілген дауысты есепке алу тәртібі Қоғам Басқармасы туралы ережемен айқындалатын тәртіпте жүзеге асырылады.

6. Басқарманың сырттай отырысын өткізуге айрықша жағдайларда және тек Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) не оның орнындағы адамның шешімімен пікірталас сипаты жоқ мәселелер бойынша жол беріледі.

Мәселені сырттай отырыста қарауға Қоғам Басқармасының бір мүшесі қарсы болған жағдайда-ақ мәселе кезекті қатысатын отырыс күн тәртібіне енгізіледі.

7. Басқарма шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан барлық Басқарма мүшесі қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген, мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

8. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Басқарма мүшесінің дауыс құқығын өзге адамға, соның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді. Басқарма шешімдері отырысқа қатысқан немесе жазабаша хабарлау ұсынған Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) дауысы шешуші болады.

9. Қоғамда тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шешімдерді жедел қабылдау мақсатында Қоғам Басқармасы жанынан тәуекелдер жөніндегі комитет құрылуы мүмкін. Тәуекелдер жөніндегі комитетті құру, оның жұмыс тәртібі, сондай-ақ оның сан құрамы Қоғам Басқармасы бекітетін ішкі құжаттармен белгіленеді.

Басқарма жанынан өзге де комитеттер (комиссиялар) құруға Қоғам Басқармасы құқылы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама); «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) 10-тармақ өзгертілді

10. Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы):

1) Қоғам Басқармасын басқарады;

2) Акционерлер жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Қоғам атыннан мәмілелер жасасу құқығын қоса алғанда, Қоғамның үшінші тұлғалармен қатынастарында оның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

5) Қоғам қызметкерлерін (Заңмен және Жарғымен белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар тағайындайды, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары және айлықақыларына дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді, Қоғам Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді және топтық хатшыны қоспағанда, Қоғам қызметкерлері сыйлықтарының мөлшерін айқындайды;

5-1) филиалдар мен өкілдіктерден басқа, олар туралы ережелерге сәйкес Қоғамның өзге жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің штаттық кестесін бекітеді;

6) Қоғам жұмысының тәртібін белгілейді;

7) Қоғамның жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуді және орындауды қамтамасыз етеді;

8) Заңнама мен Жарғының талаптарын ескере отырып, мүліктік емес сипаттағы мәмілелерді, Қор белгілеген тәртіппен өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша

мәмілелерді және өзге де мәмілелерді, оның ішінде нәтижесінде Қоғам құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің екі процентінен кем болатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелерді жасайды.

Бұл ретте, магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет), сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану/оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді көрсетумен байланысты мәмілелерді қоспағанда, тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғамның жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісім бойынша жүзеге асырылады;

9) «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2021.26.05. № 1/2021 хаттама) алып тасталды

10) Қоғамның банк және басқа да шоттарын ашады;

11) құзыретінің шегінде Қоғам бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

12) Басқарма отырыстарын шақырады және отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша қажетті материалдардың Басқармасы мүшелеріне ұсынылуын ұйымдастырады;

13) Директорлар кеңесі және Акционерлер жалпы жиналысы алдында Қоғамның жұмысы үшін жауапты болады;

14) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды бұйрық негізінде Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

15) Қоғам Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауаптылық аясын бөледі;

16) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, Қоғамның міндеттерін орындау үшін қажетті және Акционерлер жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын барлық қалған мәселе бойынша шешімдер қабылдайды.

13-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру, ішкі бақылау саласында бағалау, тәуекелдерді басқару, топтық басқару саласында құжаттарды атқару және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беру үшін Қоғамда ішкі аудит қызметі құрылады.

2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін Қоғамның Директорлар кеңесі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен еңбек шарттарын Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) еңбек заңнамасына сәйкес жасайды.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғам Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді. Ішкі аудит қызметіне басшылық етуді Қоғам Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен қызметі, оның құқықтары мен жауаптылығы, оның қызметінің мәселелері Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті алдын ала мақұлдағаннан кейін Директорлар кеңесі бектетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

14-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫ

1. Қоғамның лауазымды адамдары (Қоғам Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды әрі Қоғамның және акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе оны Жарғыға және Акционерлер жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдеріне қайшы, сондай-ақ өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Заңнама талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 5) тармақша жаңа редакцияда

5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамда жұмысын доғарған кезден бастап бес жыл бойы сақтауға міндетті.

2. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері тиіс:

1) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделері үшін Заңнаманың талаптарына, Қоғамның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

2) барлық акционерге әділ қарауға, топтық мәселелер бойынша уәжді тәуелсіз ой-пікір білдіруге.

3. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Қоғам шеккен залалдар үшін, мыналар нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ шектелмей, Қоғам мен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауаптылықта болады:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Заңмен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олармен үлестес тұлғалардың Қоғаммен осындай мәмілелер жасасуы нәтижесінде пайда (кіріс) табу мақсатында Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) олардың жасалуына мүдделілік болған мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018.24.05. № 1/2018 хаттама) алып тасталды

15-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТІ

1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңнамамен белгіленеді.

2. Қоғам Басқармасы аудиторлық қызмет туралы Заңнамаға сәйкес аудит жүргізілген Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті жыл сайын Акционерлер жалпы жиналысына оларды талқылау және бекіту үшін табыс етеді. Қоғам Басқармасы қаржылық есептіліктен басқа Акционерлер жалпы жиналысына аудиторлық есепті табыс етеді.

3. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлер жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті түпкілікті бекіту Акционерлер жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) 4-тармақ өзгертілді; «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 4-тармақ жаңа редакцияда

4. Қоғам Заңнамамен белгіленген мерзімдерде Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін, шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ Заңда және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 5-тармақ жаңа редакцияда

5. Қоғам Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.

6. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл орайда ірі акционер аудитор ұйымды дербес анықтауға құқылы. Ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудитор ұйым сұрайтын барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

7. Егер Қоғамның Басқармасы қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2019.28.01. № 1/2019 хаттама) 16-бап жаңа редакцияда

16-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1. Қоғам ақпаратты Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада белгіленген тәртіпте қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жариялауға міндетті.

2. Сондай-ақ Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты Қоғамның интернет-ресурсында (www.kaztransoil.kz) және (немесе) белгіленген тәртіпте айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялауға пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпарат тиісті шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылады.

Қоғамның жылдық есебі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілгенге дейін дайындалуы және Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

3. Заңмен көзделген құжаттар көшірмелерін (ақпаратты) алу мақсатында акционер жазбаша нысанда Қоғамға өтініш айтуы тиіс. Акционердің өтініші кіріс құжаттар есебін жүргізу журналына белгіленген тәртіпте тіркелуі тиіс. Қоғам Заңмен көзделген құжаттар көшірмесін (сұралып отырған ақпаратты) Жарғының 2-бабының 2-тармағында көзделген

жағдайды қоспағанда, Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Құжаттар көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттар көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құнынан және құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат қамтылған бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және айырбасталуы жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар акционердің талабы бойынша оған танысу үшін берілуі тиіс.

4. Олардың құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда, акционерлерге мәлім болған Қоғамның қызметі туралы «Құпия», «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар ақпарат үшінші тұлғаларға жазбаша немесе өзге нысанда беріле алмайды.

Қоғам акционері құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға Қоғам бас директорымен (Басқарма төрағасымен) келісім бойынша ғана жариялай алады.

5. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде жүргізеді (уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).

6. Акционерлер және Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті үлестестік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға ұсынады.

Акционер немесе Қоғамның лауазымды адамы бұрын үлестес деп көрсеткен тұлғасы ондай болуын тоқтатқан жағдайда, акционер немесе Қоғамның лауазымды адамы үлестестік доғарылған күннен бастап бес күн ішінде Қоғамды бұл туралы хабардар етеді.

Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғамға уәкілетті мемлекеттік органның тиісті талаптарын Қоғамның орындауына мүмкіндік беретіндей көлемде ұсынылады.

17-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

1. Қоғам Акционерлер жалпы жиналысының шешімі бойынша не Заңнамамен көзделген өзге негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

18-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Жарғы ол әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

2. ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016.27.05. № 3/2016 хаттама) алып тасталды

3. Егер Жарғының әлдебір ережесі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсерін тигізбейді. Жарамсыз ереже Заңнама талаптарына жауап беретін басқасымен ауыстырылады.

Бас директор
(Басқарма төрағасы) **Қ. Қабылдин**